

Аяғоз

жаңалықтары

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ
4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 20 (11018)

16 мамыр 2026 жыл

E-mail: ayagoz.zhanalyktary@gmail.com

«АБАЙ» ЖУРНАЛЫНА СҰХБАТ

БЕРІК УӘЛИ: АБАЙ ТӨЙІ ТАҒЫЛЫМДЫ, ӨҢІР ТҰРҒЫНДАРЫНА ПАЙДАЛЫ ІС-ШАРАЛАРҒА, МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАРҒА ТОЛЫ БОЛДЫ

– Берік Уәлиұлы, ең алдымен өткен жылы атап өтілген ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойында атқарылған негізгі жұмысты іс-шараларды бір саралап өтсек. Басты оқиғалардың өтуіне облыс тұрғындарымен бірге өңірдегі кәсіпкерлер де жан-жақты атсалысқанын байқадық. Абай атамыздың мерейтойы нағыз халықтық той ретінде өтті. Жаңа облыстың қайта жаңғыруы да халықтың көңіліне әсер еткен сияқты.

– Иә, дұрыс айтасыз. Облысымыздың ширек ғасырдан кейін қайта ашылып, тарихи әділеттіліктің салтанат құруы – тікелей Мемлекет басшысының қамқорлығы екені баршаға белгілі. Қазіргі таңда өңіріміздегі өзекті мәселелер біртіндеп шешімін тауып, экономикада тұрақты өсім байқалып, тұрғындардың ал-ауқаты жақсарып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жаңажылдық құттықтау сөзінде «Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойын лайықты атап өтуіміз керек» деп арнайы тапсырма берген болатын. Президенттің тапсырмасына сай Абайдың 180 жылдығы лайықты деңгейде атап өтілді. Тұңғыш рет 10 күндік ретінде өткен халық мерейтойында түрлі мәдени-рухани, танымдық, интеллектуалдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Көшенді жоспар аясында осы кезге дейінгі абытанудың барлық қазыналары мен Абай төңірегіндегі барлық мәліметтерді топтастырған «Абай академиясы» атты энциклопедиялық порталдың, Абайға қатысты бірқатар кітаптың тұсаукесері, ғылыми конференция, жастар арасында интеллектуалдық сайыс және Қарауылда ұлттық ойындар сыйды халықаралық, республикалық, өңірлік деңгейде 100-ден астам шара атқарыл-

ды. Мерейтой аясында Абай ауданында да инфрақұрылымдық жұмыстар қолға алынды. «Семей-Қарауыл» және «Семей-Қайнар» бағытындағы жолдарға орташа жөндеу жүргізілді. Бөрілі ауылы мен Жидебайда байланыс сапасын жақсарту мақсатында антенналық диңгектер орнатылды. Осының арқасында Абай ауданы 100 пайыз интернетпен қамтылды. Мерейтой қарсаңында Семейдегі екі үлкен көпірдің асфальтжабыны алғаш рет толық ауыстырылды, қаланың ортасындағы айналма жолға да асфальт төселді.

Оңтүстікке ұласқан тағылымды іс-шаралар облыс орталығы – Семей қаласынан бастау алып, ақынның кіндік қаны тамған, мәңгілік мекеніне айналған Қарауыл төрінде, қасиетті Абай өлінде қорытындыланды. Мерейтойды өткізуге бюджеттен арнайы қаражат бөлінген жоқ. «Тас түскен жеріне ауыр» дегендей, әсіресе Абай ауданының азаматтары мерейтойдың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқанын айту парыз. Мерейтой аясында алғаш рет ұйымдастырылған республикалық «Жеті қазына» ұлттық мәдениет, спорт және туризм фестиваліне өзіміздің 18 облысы мен 3 қаласынан, Абай облысының барлық аудан-қалаларының 300-ге жуық сайысқа қатысып, қазақтың ұлттық болмысын, салт-дәстүрін кеңінен насихаттады. Мерейтой барысында жеке кәсіпкерлердің қолдауымен Семейде өткен «Адамзаттың Абайы» республика-



лық ақындар айтысының бас жүлдесіне, сондай-ақ өзіміз бойынша тұңғыш рет ұлы Абайдың жақсы көрген ойыны тозақұмалақ сайысы мен 180 шақырымдық ультрамарафонға автокөлік сыйға тартылды. Жалпы мерейтой кезінде жүзделі орындарға ие болған спортшыларға облыстың демеушілері атынан жалпы саны 90 бас жылқы мен 10 автокөлік сыйлық ретінде берілді. Бұл ел азаматтарының жомарттығы мен ұлт рухын көтерудегі жанашырлығының дәлелі деп білеміз.

– Абай атамыздың тойын ұйымдастырудағы жаңашылдықтың бірі ретінде «Абайға құрмет» акциясын айтуға болады. Сіздер мерейтойды өткізудің жаңа

ша үлгісін көрсеттіңіздер. Бұрынғы той дегенде айтыс, ат жарыстары, гала концерт қана өтетін. Абай облысы ілімді ұйымдастырудың арқасында ақын мерейтойын үлкен инвестициялық жобаға ұшастыра алды. Нәтижесінде Семей қаласына өзіміздің әр облысы бір-бір жаңа гимарат салып беруді қолға алды. Осы салына бастаған жаңа нысандар туралы айтып берсеңіз.

– Абай елі, Семей жері – күллі қазақ даласына сәуле шашқан ұлылар мекені. Барша өркениет жаңалығы болған тұңғыштардың бастау алған жері. Қазақтың алғашқы театр қойылымының осы өңірде қойылуы, алғашқы кәсіби әнші Әміре Қашаубаевтың дүниеге келуі, алғашқы баспаңы, мұғалімдер даярлайтын алғашқы оқу орнының (бүгінгі Мұхтар Бұезов атындағы педагогикалық колледжі) ашылуы, тұңғыш футбол клубының осында құрылуы, алғашқы телеграф, алғашқы банктің, тіпті, алғашқы цирктің де осында басталуы бәрі де, құтты мекеніміздің прогресс отаны екенін айтамыз.

Өнеріміз қашанда ұлттық құндылықтарды көз қарашығандай қастерлеп, ата дәстүр мен заман дамуын ұшастырып келе жатқан жақсылыққа құштар, жаңалыққа ашық аймақ, Ұлы Абайдың мекені, Абайдың ізгі жолын жалғастырып алаш арыстарының орталығы болған қасиетті жер.

Жалғасы 3-бетте



Жалғасы 5-бетте

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ТУЗ» ТКК» ЖШС 25.05.2026 бастап 10 жұмыс күні ішінде Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) «Абай облысындағы ашық тәсілмен алтын кені кен орнында кенді өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары (күнтіз-белік кестені түзету)» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Аяғөз ауданы, Мәдениет ауылы. Әсер ету координаттары: 47°28'44,49" СЕ, 78°16'39,06" ШБ. Құжаттамаға тапсырыс беруші: «ТУЗ» ТКК» ЖШС, Абай облысы, Аяғөз қаласы, Терешкова көшесі, 32-1, БСН 140740028588, 8-705-239-94-83, e-mail: office@omnimail.org. Құжаттамасы әзірлеуші: «АБС-НС» ЖШС, БСН 000540004317, ШҚО, Өскемен қ., Новаторов к-сі, 3/1 үй, н. т. 16, тел. 8-775-176-01-47; e-mail: kizatova_86@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында

танысуға болады, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk>. Жоба бойынша қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін тел. 8-775-176-01-47; e-mail: ainurkizatova@mail.ru бойынша сұрауға болады.

Жұртшылықтың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге және қоғамдық тыңдаулар өткізуге жауапты орган – «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Семей қ., Тұрлыханов к. 30, e-mail: prirodnuye_resursy_obl.abay@mail.ru, тел. 8 (7222) 35-44-32

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ГРК «ТУЗ» объявляет, что с 25.05.2026 в течение 10 рабочих дней на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «План ликвидации последствий операций по добыче руд на золоторудном месторождении Туз открытым способом в области Абай (корректировка календарного графика)». Территория воздействия: область Абай, Аягөзский район, с. Мадениет. Координаты воздействия: 47°28'44,49" СШ, 78°16'39,06" ВД. Заказчик документации: ТОО «ГРК «ТУЗ», область Абай, г. Аягөз, ул. Терешковой, 32-1,

БИН 140740028588, тел. 8-705-239-94-83, e-mail: office@omnimail.org. Разработчик документации: ТОО «АБС-НС», БИН000540004317, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Новаторов, д. 3/1, н.п. 16, тел. 8-775-176-01-47; e-mail: kizatova_86@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» <https://www.gov.kz/memleket/entities/abaytabigat?lang=ru> Дополнительную информацию по проекту, а также копии документов можно запросить по тел., 8-775-176-01-47; e-mail: ainurkizatova@mail.ru

Орган, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации и проведении общественных слушаний – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», г. Семей ул. Турлыханова 30, e-mail: prirodnuye_resursy_obl.abay@mail.ru, тел. 8 (7222) 35-44-32.